

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кинотарихы мен теориясы» кафедрасының PhD докторантты Джумабеков Ержан Фазыловичтің «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен</p>	<p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында қабылданған мәдени саясат пен ғылымды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, бұл диссертациялық жұмыс «Креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасы (2021–2025 жж.)» мен ұлттық кино өнерін қолдау жөніндегі бағдарламалар аясында жүзеге асырылып отырған өзекті мәселені қозғайды. Автордың отандық мәдениет пен өнер саласына қатысты тың көзқарас ұсынуы – креативті экономиканың және ұлттық рухани мұраны жаңғырутаясатының ғылыми қырын тереңдетуге үлес қосады.</p> <p>Бұл диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын нақты жоба немесе бағдарлама аясында орындалмаған. Дегенмен мазмұны жағынан «Қазақстан Республикасында креативті индустрияны</p>

		<p>нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>дамыту тұжырымдамасы (2021–2025 жж.)» және «Қазақстан Республикасының мәдени саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» секілді стратегиялық құжаттарда көзделген мақсаттармен тікелей байланысты.</p> <p>Диссертация мазмұны Қазақстанның мәдениет және өнер саласына қатысты басқа да мемлекеттік бағдарламалармен үйлеседі. Атап айтқанда, ұлттық мәдени мұраны сақтау, оны заманауи ғылыми тұрғыда зерделеу және қоғамға таныту бағыттары осы зерттеудің негізіне айналған.</p> <p>Сонымен қатар, бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттары қатарындағы «гуманитарлық ғылымдар» мен «креативті индустрияны ғылыми қолдау» бағытына толық сәйкес келеді.</p>
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы отандық кинотану ғылымына елеулі үлес қосатын маңызды еңбек болып табылады. Абдолла Қарсақбаев шығармашылығы бұған дейін ішінара ғана қарастырылып келсе, бұл диссертация режиссердің фильмдеріндегі көркемдік

			<p>бейнелер мен визуалды тілге тұтас көзқарас ұсынып, оны кең ауқымды теориялық негіздермен ұштастыра талдайды. Автордың киноөнерге қатысты заманауи ғылыми әдіснама мен пәнаралық талдау тәсілдерін тиімді қолдана отырып жасаған пайымдары қазақ киносының тарихи-мәдени болмысын жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді. Жұмыс барысында визуалды талдау, салыстырмалы-тарихи, семиотикалық және психоаналитикалық әдістер шебер қолданылған. Диссертация қазақ кинотану ғылыминың тереңдетуге бағытталған зерттеу ретінде ерекше бағаланады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысы автордың ғылыми дербестігін және өз бетінше іздену қабілетін толықтай көрсетеді.</p> <p>Диссертация мәтіні жоғары деңгейде дайындалған, ғылыми стиль сақталған, дереккөздерге жүргіну мен теориялық тұжырымдарды дәйектеу дұрыс үйимдастырылған. Автор зерттеу мәселесін түсініп қана қоймай, оны дербес зерделеп, ғылыми тұрғыда тұжырым жасай алған.</p> <p>Жұмыста ұсынылған идеялар мен тұжырымдар бірізді дамып, логикалық түрде дәлелденіп отырған.</p> <p>Сондықтан бұл еңбек жоғары деңгейде өз бетінше жазылған сапалы ғылыми</p>

			зерттеу ретінде бағаланады.
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу жұмысы ішкі бірлік принципіне толықтай сәйкес келеді. Диссертацияда көтерілген мәселенің өзектілігі нақты және ғылыми негізде дәлелденген. Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес анықталып, бүкіл жұмыс құрылымымен тығыз байланыста қарастырылған. Эрбір тарау мен тараушалар диссертация тақырыбын ашуға бағытталып, бір-бірімен қысынды жалғасып отырады. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелер нақты дереккөздермен дәйектеліп, бұрынғы зерттеулермен салыстырмалы түрде талданған. Осы арқылы диссертацияның барлық бөлімдері арасында логикалық бірізділік сақталған және ғылыми аргументация жоғары деңгейде орындалған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны мен құрылымы жағынан зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің негізгі мәселелері, зерттеу пәні мен нысаны жұмыс барысында нақты әрі дәйекті түрде ашылған. Эрбір бөлім мен тарау диссертация тақырыбын нақты мазмұнмен толықтырып, біртұтас ғылыми мәтін қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылар</p>

		<p>диссертацияның логикалық дамуын қамтамасыз етіп, зерттеу мақсатына сәйкес тиімді іске асырылған. Сонымен қатар, жұмыста қолданылған ғылыми ұстанымдар мен талдау әдістері авторлық тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік беріп, тақырыптың ішкі бірлігі мен мазмұндық тұтастығын дәлелдейді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияда қойылған мақсат пен соған сәйкес анықталған міндеттер нақты және дәйекті түрде жүзеге асырылған. Автор жұмыстың кіріспесінде зерттеу мақсатын айқындалап, соған жету жолындағы міндеттерді логикалық түрде жүйелеп ұсынған. Бұл міндеттер әр тарауда дәйекті түрде ашылып, зерттеу барысында нақты орындалған. Мақсат пен міндеттердің диссертация құрылымымен және мазмұндымен толық сәйкес келуі зерттеудің бірізділігі мен ғылыми негізділігін айқындаі түседі.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ғылыми ережелері өзара логикалық байланысқа ие. Кіріспеден бастап қорытындыға дейінгі құрылымда тақырыптың және мазмұндық тұтастық сақталған. Әр бөлім алдыңғы бөліммен тығыз сабактасып, зерттеу логикасын үзбей дамытып отырады.</p> <p>Теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық ұстанымдар</p>

		<p>жүйелі турде іске асырылып, олардан туындаған нәтижелер мен қорытындылар дәйекті түрде дәлелденген. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған жаңа ғылыми қағидалар мен көзқарастар бұрынғы зерттеулермен салыстырылып, олармен арақатынасы ғылыми негізде талданған. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми тұтастығы мен ішкі құрылымдық үйлесімділігін дәлелдейді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінara жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор диссертациялық жұмыста ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен әдіснамалық қағидаттар нақты мысалдармен негізделіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып жан-жақты бағаланған. Мәселен, Қарсақбаев фильмдеріндегі кейіпкерлер бейнесіне жүргізілген психоаналитикалық және архетиптік талдаулар арқылы автор кино тілі мен көркемдік құрылымды жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік беретін ғылыми ұстанымдар ұсынады. Бұл қағидалар жұмыс барысында тек ұсынылып қана қоймай, ғылыми дәлелдермен қуатталып, отандық және шетелдік зерттеулермен салыстырмалы түрде қарастырылған. Осы арқылы автор өз тұжырымдарының дербестігі мен ғылыми дәйектілігін нақты көрсетіп</p>

			берген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері қазақ киносы мен кинотану ғылымы саласына тың серпін беретін жаңашыл тұжырымдармен ерекшеленеді. Автор алғаш рет Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі визуалды тіл мен көркемдік бейнелер жүйесін кешенді түрде зерттей отырып, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Бұл нәтижелер тек режиссер шығармашылығына қатысты емес, жалпы ұлттық кино тілін зерделеуге арналған ғылыми әдістемені де жетілдіре түседі. Зерттеу барысында қалыптасқан теориялық тұжырымдар мен терминологиялық негіздер отандық кинотану ғылымына қосылған өзекті үлес ретінде бағаланады. Зерттеу материалдары кинотану, режиссура, өнертану салаларында қытылатын пәндерге қосымша құрал ретінде пайдалануға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысының қорытындылары толықтай жаңашыл сипатқа ие. Автор ұсынған тұжырымдар мен теориялық пайымдар отандық кинотану ғылымында бұрын-сонды арнайы талданбаған режиссерлік тәсілдер мен бейнелеу құралдарын жаңа қырынан түсіндіреді. Қарсақбаев фильмдеріндегі кейіпкерлер</p>

			репрезентациясы, визуалды стиль және көркемдік құрылым бойынша жасалған қорытындылар диссертацияның ғылыми маңызын арттырып, оның нәтижелерін үлттық мәдени мұраны қайта пайымдау тұрғысынан да маңызды етеді. Бұл қорытындылар болашақ зерттеулерге теориялық негіз бола алады және киноөнер саласындағы академиялық бағдарламаларға құнды мазмұн қосады.
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысы техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару салаларына тікелей қатысты болмаса да, мәдениет және өнер саласындағы басқарушылық тәсілдер мен көркемдік шешімдерді қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Автор Қарсақбаевтың фильмдеріндегі көркемдік бейнелер мен визуалды тіл элементтерін жүйелеп, оларды мәдениет саласындағы шешім қабылдау мен шығармашылық процестерді ұйымдастыруда қолдануға болатын теориялық негізге айналдырады. Бұл тұрғыдан қарағанда, зерттеу жұмысы басқарушылық және көркемдік стратегияларды ғылыми тұрғыдан қайта бағалауга ықпал ететін өзекті шешімдер ұсынады.</p>	
6	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі

	негізділігі	тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	қорытындылары сапалы дәлелдемелермен негізделген және гуманитарлық ғылымдарға тән зерттеу әдістері – атап айтқанда, сапалық (qualitative research) тәсілдер арқылы дәйектелген.
7	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда</p>	<p>Автор киноөнерге қатысты деректер мен бейнелік материалдарды ғылыми тұрғыда пайымдай отырып, теориялық және тәжірибелік тұжырымдарын нақты мысалдармен дәлелдеген. Жұмыс барысында пайдаланылған интерпретативтік, салыстырмалы және дискурсивтік әдістер зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етіп, гуманитарлық салаға тән зерттеу стандарттарына толықтай сәйкес келеді.</p>

		мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылымий әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған /	

		расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Бұл диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы қазақ киносының визуалды тілі мен көркемдік құрылымын заманауи ғылыми парадигмалар аясында пайырмауден ерекшеленеді. Автор қолданған пәнаралық теориялар – психоанализ, семиотика, архетиптік құрылымдар – қазақ кинотануында бұрын-соңды мұндай кешенде қолданылмаған жаңа бағытты қалыптастырады. Жұмыс барысында ұсынылған тұжырымдар мен терминологиялық негіздер болашақ зерттеулерге методологиялық тірек бола алады. Сонымен қатар, диссертация ұлттық киноны әлемдік ғылыми дискурс аясында зерделеуге мүмкіндік беретін теориялық тұғырнамаларды ұсына отырып, өнертану ғылымының әдіснамалық базасын кенейтеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысы кинотану, өнертану және мәдениеттану салаларына практикалық тұрғыдан да елеулі үлес қосады. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелерді жоғары оқу орындарындағы кино тарихы, режиссура, визуалды мәдениет, өнер теориясы</p>

			пәндерін оқыту барысында қосымша оку құралы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, Қарсақбаев фильмдеріндегі көркемдік бейнелер мен визуалды шешімдерге жасалған талдаулар шығармашылық мамандықтарда оқытын студенттерге сценарийлік ойлау, көркемдік интерпретация және визуалды стиль қалыптастыру бағыттарында пайдалы бола алады. Автор ұсынған тұжырымдар мен әдіснамалық тәсілдер отандық кино өндірісі мен мәдени жобаларды ұйымдастыруда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсынымдар жаңа сипатқа ие және оларды оку процесінде, шығармашылық жұмыстарда, сондай-ақ мәдени жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыруда тиімді қолдануға болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді. Тілі анық, терминологиясы дәл, құрылымы бірізді. Автор ғылыми пікірін дәлелді түрде жеткізе білген.
11	Диссертацияға ескертулер		
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалалары тақырып

	денгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде дайындалған. Олар диссертация нәтижелерін дәйектеуге толық негіз болады.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Диссертациялық жұмыс талапқа сай рәсімделген, құрылымдық бөлімдері мен мазмұндық элементтері толық және стандарттарға сәйкес реттелген.

Ресми пікір білдіруші,
PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-турік университеті
Қауымдастырылған профессоры



КОЛЫН
РАСТАЙМЫН:
К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті Адам ресурстарын бекару бөлімінің бастыры

Молдияр Ергебеков